



18/1-83 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2026 ж.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ
К 118-2026

Күні	Көшірме	басылым
		Төртінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 2 беті

- 1. «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**
- 2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.**

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер.....	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
3. Жалпы ережелер.....	5
4. Білім алушылардың этикалық нормалары және жүріп-тұру ережелері.....	6
5. Жауапкершілік.....	8
6. Білім алушылардың «ОҚМА» АҚ басшылығымен және оқытушылармен қарым-қатынасы.....	9
7. Білім алушылар арасындағы қарым-қатынас.....	9
8. Білім алушылардың міндеті.....	10

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Кодекс келесідей нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

– Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен);

– Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістер мен толықтырулармен);

– ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

– ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

– СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарды басқару;

– СТ 003-2024. Ұйымдастырушылық құжаттаманы басқару;

– СТ 011-2024. Персоналды басқару;

– СТ 023-2024. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ-ның білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету стандарттары;

– Корпоративтік этика қағидалары;

– Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;

– «Е 507-2026. «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі».

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Кодексте келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 5 беті

- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

- Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;

- Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;

- Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер

- этикалық кодекс - этиканың жоғары стандарттарын қалыптастыруға арналған нормалар мен мінез-құлық ережелерінің жиынтығы, бұл нормалар барлық білім алушыларға таратылады және құрметті корпоративтік мәдениетті, оқуға және болашақ медициналық қызметке жауапкершілікпен қарауды қолдауға, сондай-ақ білім алушылар, оқытушылар, пациенттер мен әріптестер арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған;

- этикалықтық (этика) - тұлғаның оң қасиеті, қоғам мен ұжымдағы жалпы қабылданған моральдық, әлеуметтік және кәсіби мінез-құлық нормаларын саналы және мінсіз сақтауында көрініс табатын;

- тәртіптілік (лат. Disciplina) - белгілі бір қауымдастық, мекеме немесе қызмет саласындағы құқықтық, моральдық және жарғылық талаптарды қоса алғанда, қалыптасқан нормалар, ережелер мен стандарттарды ұстанудағы тәртіптілік пен ұйымдасқандықты білдіретін мінез-құлық сипаты;

- инклюзивтілік - барлық білім алушыларға физикалық, психикалық, мәдени немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан білім беру және әлеуметтік ресурстарға тең қолжетімділік қағидаты мен тәжірибесі;

- цифрлық этика - цифрлық ортада жеке деректерге, авторлық құқыққа құрметпен қарауды, кибербуллингтің алдын алуды, жауапты, құрметті және қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен нормалары;

- буллинг пен кибербуллинг - офлайн және онлайн ортада тұлғаны агрессивті, жүйелі және саналы түрде қудалау, қорлау немесе қорлау әрекеті;

- психологиялық әл-ауқат - адамның эмоционалды және психикалық саулығының жағдайы, онда ол стрестің тиімді жеңе алады және өнімді қарым-қатынасты ұстап тұрады;

- «ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы, білім беру, ғылыми-зерттеу және тәрбиелік қызметті жүзеге асыратын жоғары оқу орны.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 6 беті

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Кодекс «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) білім алушыларының этикалық мінез-құлқына арналған стандарттар мен нормаларды белгілейді. Бұл нормалар жауапты, кәсіби және әлеуметтік белсенді білім алушыларды қалыптастыруға бағытталған, ол қазіргі қоғам мен кәсіби ортаға тиімді интеграциялана алатын қабілетті болуы тиіс.

3.2. «ОҚМА» АҚ өзінің маңызды әлеуметтік, білім беру және ғылыми миссиясын түсінеді, академиялық адалдықтың, инклюзивтіліктің, цифрлық этиканың және тұрақты дамудың қазіргі халықаралық қағидаларын көрсететін жоғары этикалық стандарттарды мойындайды және қолдайды. Бұл құндылықтар «ОҚМА» АҚ-ның зерттеу және білім беру қызметінің негізінде жатыр, олар құзыретті, жауапты және этикалық жетілген мамандарды дамытып, Қазақстан Республикасының және жаһандық қауымдастықтың дамуына елеулі үлес қосуға дайын.

3.3. Осы Кодекстің негізінде әрбір білім алушының құқықтары мен қадір-қасиетіне құрмет, өз білімдері мен мінез-құлқына жауапкершілік, сондай-ақ білім беру процесі мен «ОҚМА» АҚ-ның күнделікті өмірінде әлеуметтік әділдік, төзімділік және өзара көмек нормаларын сақтау талабы жатыр.

4 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖҮРІП-ТҰРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1. «ОҚМА» АҚ білім алушысының негізгі миссиясы:

«ОҚМА» АҚ білім алушылары келесідей этикалық қағидаларды сақтай отырып, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, кәсіби құзыреттілікке және жоғары азаматтық жауапкершілікке ұмтылады:

- жеке тұлғаның дамуы: таңдалған білім беру траекториясы аясында сындарлы ойлау, зерттеу дағдылары, шығармашылық әлеует және кәсіби тұлғаны дамыту;

- академиялық адалдық: оқу, ғылыми және жобалық қызметте адалдық қағидаларын қатаң сақтау;

- плагиат, көшіріп жазу, жалғандық, рұқсатсыз дереккөздер мен басқа да тұлғалардың жұмыстарын өз жұмысы ретінде пайдалану әрекеттерін болдырмау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидалар: «ОҚМА» АҚ-ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын» белсенді қолдау, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу және оларды қолдамау;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 7 беті

- цифрлық этика: ақпараттық технологиялар мен ресурстарды дұрыс және қауіпсіз пайдалану, жалған ақпарат таратпау, кибербуллинг пен басқа да цифрлық агрессия түрлеріне қатыспау;

- төзімділік пен инклюзия: мәдени, этникалық, діни және гендерлік алуан түрлілікті құрметтеу, кемсітушіліктен аулақ болу және диалогқа ашық болу;

- әлеуметтік жауапкершілік: қоршаған ортаның әл-ауқатына қамқорлық көрсету, еріктілік және әлеуметтік бастамаларға қатысу, аз қамтылған және осал топтарды қолдау;

- мәдени және моральдық жетілу: парасаттылықтың, құрметтің, ізгі ниеттіліктің және өзін-өзі тәртіптеудің үлгісі болу;

- дені сау өмір салты: зиянды әдеттерден бас тарту, физикалық және психологиялық саулықты қолдау, спорттық және денсаулықты жақсарту шараларына қатысу;

- «ОҚМА» АҚ мүлкі мен беделіне мұқият қарау: «ОҚМА» АҚ символикасы мен дәстүрлерін құрметтеу, тазалық пен тәртіпті сақтау, «ОҚМА» АҚ-ның материалдық ресурстарын ұтымды пайдалану;

- «ОҚМА» АҚ-ны сыртта таныстыру: білім ордасының сыртындағы мінез-құлық «ОҚМА» АҚ имиджіне әсер ететінін түсіну;

- адал емес мінез-құлыққа қарсы күрес: алдау, академиялық адал еместік, жақыншақтық, сабаққа келмеу және оқу тәртібін бұзудың басқа да түрлерін болдырмау және хабарлау;

- кәсіби бағдар: кәсіби ортада сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті маман болуға ұмтылу;

- белсенді өмірлік ұстаным: «ОҚМА» АҚ мен елдің мәдени, ғылыми, спорттық және қоғамдық өміріне қатысу.

4.2. «ОҚМА» АҚ-ның беделі:

- білім алушы «ОҚМА» АҚ-ның білім беру, ғылыми, кәсіби және қоғамдық ортадағы оң имиджін және академиялық беделін нығайтуға міндетті.

4.3. Өзара құрмет:

- білім алушы оқытушылармен, қызметкерлермен және басқа білім алушылармен өзара құрметке, субординацияны сақтауға, әдептілік пен сыпайылыққа, сондай-ақ конструктивті диалогқа ашық болуға негізделген қарым-қатынас орнатуға міндетті.

4.4. Адалдық:

- оқу тапсырмаларын адал орындап, бекітілген оқу тәртібін сақтауға;

- көшіріп жазу, деректерді бұрмалау және адал емес емтихан тапсыру әдістерінен аулақ болуға;

- басқа тұлғалардың интеллектуалдық меншік құқығын құрметтеп, дәйексөздерді дұрыс пайдалануға міндетті.

4.5. Тәртіптілік:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 8 беті

- «ОҚМА» АҚ-ның киім кию әдебін сақтау (таза, үтіктелген, қарапайым, медициналық ақ халат, медициналық бас киім (медициналық қалпақ);
- ішкі тәртіп ережелерін сақтау және уақтылы болуға;
- оқу процесін бұзатын әрекеттерден аулақ болуға: дауыстап сөйлесу, ұялы телефонды пайдалану, агрессивті мінез-құлық және т.б.;
- «ОҚМА» АҚ аумағында, ішінде алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде болмауға міндетті.

4.6. Уақытылы болу:

- сабақ басталғаннан кейін аудиторияға кіруге тыйым салынады. Кешіккен жағдайда білім алушы үзілісті күтуге міндетті;
- сабақ барысында кіру және шығу тек маңызды себеппен және оқытушының рұқсатымен рұқсат етіледі.

4.7. Қатысу:

- оқу процесінде белсенділік танытуға;
- студенттік ғылыми қоғамдарға, үйірмелерге, жобаларға қатысуға;
- «ОҚМА» АҚ-да және оның сыртында ұйымдастырылатын мәдени, спорттық және еріктілік шараларға қатысуға міндетті.

4.8. Абай болу:

- білім алушылар оқу, тұрмыстық және кітапханалық мүлікке құрметпен және мұқият қарауға міндетті;
- мүлікті бүлдіруге, өз бетінше жазулар мен жапсырмалар жасауға, «ОҚМА» АҚ-ның жиһазын, техникасын және инфрақұрылымын зақымдауға тыйым салынады.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

«ОҚМА» АҚ-ның барлық білім алушылары, оқыту нысанына қарамастан, осы Кодексте көрсетілген қағидалар мен нормаларды сақтауға міндетті. Бұл Білім алушылардың кәсіби және жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін маңызды, әрі олардың қоғам мен елдің дамуына лайықты үлес қосуына және табысты жұмыс істеуіне қажетті негіз болып табылады.

Кодекс нормаларын бұзу белгіленген тәртіппен қаралып, «ОҚМА» АҚ Жарғысына сәйкес тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін. «ОҚМА» АҚ басшылығы Кодекс нормаларын бұзған білім алушыларға келесі тәртіптік шараларды қолдануға құқылы:

- ескерту - бұзушылық туралы ауызша ескерту;
- сөгіс - ресми жазбаша ескерту;
- қатаң сөгіс - құжаттарда тіркелетін, неғұрлым қатаң ескерту;
- «ОҚМА» АҚ-дан шығару - елеулі немесе қайталанатын бұзушылықтар болған жағдайда оқудан шығару.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 9 беті

Аталған шаралар білім алушылар арасында тәртіп пен жауапкершілік деңгейін жоғары ұстауға, сондай-ақ жайлы әрі тиімді оқу ортасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Білім алушы жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті жұмыстар мен материалдар үшін жеке жауапты болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарын бұзу (қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет) ретінде қарастырылады.

6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ «ОҚМА» АҚ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

6.1. Білім алушы оқу үдерісі мен қоғамдық қызметке қатысты мәселелер бойынша белгіленген тәртіпке сәйкес «ОҚМА» АҚ басшылығына жүгінуге құқылы.

6.2. Білім алушы оқытушылармен және «ОҚМА» АҚ қызметкерлерімен қарым-қатынаста өзара құрметке, сыпайылыққа және академиялық адалдық қағидаттарына негізделуі тиіс.

6.3. Білім алушы «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктерін ескере отырып, олармен қарым-қатынаста этикалық нормаларды сақтауы қажет.

7 БІЛІМ АЛУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

7.1. «ОҚМА» АҚ білім алушылары арасындағы қарым-қатынастар сенімге, өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа, жанашырлыққа және өзара көмекке негізделеді.

7.2. Білім алушы басқа білім алушылармен қарым-қатынаста қарапайым және сыпайы болуы тиіс. Әңгіме барысында бөгде адамдардың қатысуымен басқа білім алушылардың кәсіби немесе адамгершілік қасиеттерін сынға алуға жол берілмейді.

7.3. Білім алушылар арасындағы қарым-қатынас этикасына қойылатын талаптар. Білім алушылардың өзара әрекеттесуі сыпайылық пен құрметтің жоғары стандарттарына сай болуы тиіс:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 10 беті

- карапайымдылық және сыпайылық – әрбір білім алушы қарым-қатынаста құрмет пен әдептілік танытып, дәрекілік пен бейәдептіліктен аулақ болуға міндетті;

- қоғамдық сынға тыйым салу – қатарластарының кәсіби және жеке қасиеттерін үшінші тұлғалардың қатысуымен талқылауға немесе сынға алуға жол берілмейді, өйткені бұл шиеленіс туындатып, сенім атмосферасын бұзуы мүмкін;

- құпиялықты сақтау – жеке ақпаратқа және жабық ортада талқыланатын жағдайларға құрметпен қарау қажет;

- жанжалдарды шешу – келіспеушіліктер туындаған жағдайда оларды тікелей, іскерлік және құрметті түрде шешу ұсынылады немесе тәлімгерлер мен әкімшілік көмегіне жүгіну қажет. Қоғамдық жанжалдарға жол берілмейді.

8 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТІ

«ОҚМА» АҚ білім алушысы білім алушылармен академия қызметкері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

«ОҚМА» АҚ білім алушылары жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		К 118-2026
Білім алушылардың этикалық кодексі		4-ші басылым 11 беттің 11 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты -жөні
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	М.А.Турабек

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілді:

Қызметі	Аты-жөні
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ.Сәлім
Комплаенс-офицер	Н.А.Пернебаев

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Турабек Мадина Айдарқызы	Разработано	28.05.2026, 02:42:12	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	29.05.2026, 13:20:33	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ЕРЖАНОВ НУРЛАН, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	28.05.2026, 10:09:17	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАБИШТАЕВ ОРЫНБАСАР, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	29.05.2026, 09:48:32	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СӘЛІМ ЕРБОЛ, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Пернебаев Нурғали Аліханович	Согласовано	28.05.2026, 16:11:59	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, ПЕРНЕБАЕВ НУРГАЛИ, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Сейтжанова Жанна Серікжановна	Подписано	29.05.2026, 14:21:08	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556



Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	29.05.2026, 14:21:13	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" акционерлік қоғамы, BIN991040003556
----------------------------------	------------------	----------------------	---------------	---